

Хаттама № 2

10-қараша 2021-2022 оқу жылы

№14»Шолпан» балабақшасында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысуы тиіс:-20

Қатысқаны:-19

Қаралатын мәселе:

1. «Дені саудың –жаны сау».Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау ережелерін түсіндіру
2. «Сұраңыз,жауап береміз» Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.
3. «Дәрумендердің пайдасы» Ата-аналар арасында баяндама оқу

Сөз балабақша меңгерушісі Ж.Кисиговаға берілді . Құрметті ата-аналар сіздермен таныспыз,өздеріңіз білесіздер балабақша тәртібін ,оның үстіне қазіргі уақытта елдегі ахуалды ,сол себепті талап қатаң сақталу керек. Балабақшаға баланы қабылдау кезінде баланың медициналық кітапшасын толық дайындап өткіздіңіздер.Енді балаларды азанда балабақшаға алып келерде таза киіммен ,ықшам ,ұқыпты ,дене қызуын өлшеп баланың көңіл-күйін байқап тапсырыңыздар. Санитарлық-гигиеналық талапқа сай жұмыс жасау үшін бірлесіп атсалысуымыз керек.Баланы себепсіз қалдырмай,ауырып калса ауылдық емханаға уақытында тіркеліп ,мед анықтама тапсыруларыңыз керек.

Екінші мәселе бойынша Сөз балабақша тәрбиешісі Ж.Тәтиге берілді.Сіздерді толғандырған сұрақтарыңызға жауап береміз. Ата-ана М.Тотышева сөз алды: Менің баламның оқуға деген ынтасы,кабілеті,үлгерімі қалай?Тәрбиеші Ж.Тәти жауап берді: Нұрлыхан қыркүйек айына қарағанда үлгерімі жақсы,ынтасы жақсы,бірақ басқа балаларға қарағанда асықпай,көп ойланыңқырап жауап береді.Балаңызды балабақшадан ретсіз қалдырмай, үйде де жазуын-оқуын қадағалап,тәрбиешімен қатар,тығыз байланыста жұмыс жасауды ұсынды.

Ата-ана П.Бисенбаева мынадай сұрақ қойды: -Біздің отбасымызда ұл бала жоқ болғандықтан,менің қызым ер балалармен тіл табыса ала ма,сол жағын білгім келеді? Тәрбиеші Ж.Тәти жауап берді:Айбике балабақшаға келгелі тәртібі жақсы,ұл балалармен де,қыз балалармен де қарым-қатынасы жақсы.Ешқандай қиындық байқаған жоқпыз.Ол жағынан уайымдамауыңызды сұраймыз.

Үшінші мәселе бойынша,Медбике Р.Байболатова «Дәрумендердің пайдасы» жөнінде баяндама оқыды.Балаларға балабақшада диеталық тағамдар беріледі.Ас мәзірінде дәруменді тағамдар,шырындар,салаттар,компот,алма,йогурт берілетіндігі айтылды. Үйде де зиянды тағамдарды шектеп,дәруменге бай ас берілуін қадағалауды баса айтты.

1. Санитарлық- гигиеналық талаптар қатаң сақталсын
2. Ата-анамен тығыз байланыс орнатылсын
3. Ас мәзірі күнделікті түрленіп берілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



К.Байқадамова

Ж.Тәти